

№15 орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №I хаттамасы

Ақтөбе қаласы

27.01.2023ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің төрайымы, ата-аналар

Күн тәртібінде:

- 1.Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарымен таныстыру.
Хабарламашы кеңес төрайымы Джамангарина Г.
- 2.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын» талқылау және бекітуге ұсыну.
Хабарламашы кеңес төрайымы Джамангарина Г.
- 3.«Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы».
Хабарламашы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Н.Карагулова.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Джамангарина сөз сөйледі 2023 жылға арналаған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспар бойынша қаңтар айында Қамқоршылық кеңестің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын жасақтау, бекіту.

- «Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» тақырыбында жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту мақсатында ата-аналарға ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізу.

-байқауларға, спорттық сайыстарға аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларды және дарынды, талантты оқушылардың қатысуын қамтамасыз ету жыл бойы жүргізу.

-наурыз айында Наурыз мерекесіне байланысты іс-шараларды өткізуді жоспарлау.

-мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары бойынша сенбілік ұйымдастыру.

-Оқушыларды қосымша білім берумен қамту.

-«Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру жолдары» дөңгелек үстел.

-сәуір айында ата-аналарға ашық есік күнін ұйымдастыру.

-Мектеп психологтары тарапынан оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жұмыстарының ұйымдастырылуы. Мамыр айында «Мұғалім, мектеп, ата-ана – үштік тілек» тақырыбында ана-аналарға есеп беру шарасын өткізу, жыл бойы мектеппен тығыз байланыс орнатқан белсенді ата-аналарды марапаттауға ұсыну. Білім беру ұйымында тамақтанудың ұйымдастырылуы, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу жұмыстарын ұйымдастыру, негізгі мектепті бітірушілерге аттестат беру жұмыстарын ұйымдастыру. Маусым-тамыз айларында жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерді сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізу, қолхат алу.

-мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру (мектеп алаңы жұмысы, жазғы лагерь жұмысы)

Қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау. Қыркүйек айында 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

-мектептің жекелеген санаттағы оқушылар тізімін бекіту


-мектеп оқушыларының оқулықпен қамтылуы. Қарашада ата-аналар жиналысын өткізу, желтоқсан айында «Қамқоршылық кеңесінің жыл бойы атқарған жұмыстар бойынша есебі беріледі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карагулова С.Н. сөз бастады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту мақсатында мектебімізде «Әділет» жұмысшы тобының жұмысы ұйымдастырылды. «Мектепте жүргізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы» жұмыстары туралы Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып, бүкіл қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту мақсатында мектепішілік бұйрық шығарылды. Мектеп оқушыларынан, олардың ата-аналарынан мектептің оқу-материалдық базасын жақсартуға, класс кабинеттерді жөндеуге байланысты қаражат жинауға тиым салынғандығы жөнінде мектеп алды даярлық, 1-11 класс жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне қатаң ескертілді. Барлық пән мұғалімдеріне, класс жетекшілерге оқушыдан, ата-аналардан түрлі мерекелер қарсаңында, басқа да мерекелік шаралар кезінде сыйлық алуға тиым салынды. Барлық кластарда оқушылармен және ата-аналармен мектеп қажеттілігі үшін қаражат жинауға болмайтындығы жөнінде жиналыстар өткізіліп, хаттамалар жасақталды..

Үшінші мәселе бойынша хабарламашы С.Н.Карагулова: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты ата-аналарға жеткізу, кеңейту. Ата-аналарға буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? буллингтің белгілері, буллинг құрбаны, буллингті айыру белгісі:, көмектесу үшін не істеуге болады? деген сұрақтар талданып, мәліметтер берілді. Ата-аналарға жадынама берілді..

Күн тәртібіндегі мәселерді тыңдай және талқылай келе қаулы етеді:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бойынша барлық шаралар уақытында, сапалы жүргізілсін.
2. Буллингтің алдын алу жұмыстары ата-аналарға, оқушыларға класс жетекшілер тарапынан түсіндіру жұмыстарын жүргізу міндеттелсін.


Кеңес төрайымы :  Г.Джамангарина

Хатшы:  К.Қанатова

Кеңес мүшелері:  К. Кенжеғалиева


 У.Оразымбетов

 Р.Байлиева

 М.Исламғалиева

 - А.Токсанбаева

 К.Мешелов

 Д.Тулеуова